

## ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!

Қазан – күз айының ең бір көркем де, көрікті шағы. Саудырап жерге түскен жапырақтар ешбір музыкант қайталай алмас үн шығарып жатқандай сыңғырлап жатады. Міне, бұл табиғаттың өз үні, өз бояуы. Оны тек жүрекпен сезініп, түйсікпен қабылдағанда ғана біз тілсіз әлемнің сырын терең түсіне аламыз...

Қазан айы мереке мен мейрамға толы, берекелі ай. Атап айтар болсақ, 1 қазан – Халықаралық қарттар күні. Иә, «қарты бар үйдің – қазынасы бар» деген қағиданы берік ұстанған ұлт ретінде бұл мерекенің орны ерекше қадір-қасиетке ие десек артық болмас. Сондай-ақ, 3 қазан – Халықаралық музыка күні екені де баршамызға белгілі болса керек-ті. Музыка – адам жанына шаттық сыйлайтын ұлы құбылыс. Егер әуен, саз болмаса, адам баласы бірыңғай тіршіліктен жалығып кеткен болар еді.

**5 қазан** – Халықаралық дәрігерлер мен Мұғалімдер күні. Ақ халатты абзал жандар – бәріміз үшін құрметті жандар. Себебі, халықтың саулығы – мемлекеттің байлығы. Ал, ұстаздардың орны қашанда биік, әрі қандай құрметке болсын лайық дер едік.

Әр мерекенің өзіндік орны, қызықты тарихы бары белгілі. Әрі әр саланың мамандарына өз мерекесі қызық та жанына жақын сәттер емес пе?

**9 қазан** – Дүние жүзілік пошта күні. Бұл күн – бүгінгі ақпарат дәуірі қарыштап дамыған уақыт тұрғысынан алғанда еш мәнін жоймайтын мерекенің бірі. Айшылық алыс жолдардан сағынышқа, ыстық лебізге толы хаттарға пошта қызметкерлерінің жедел қимылдауының арқасында қол жеткізіп отырмыз.

**22 қазан** – Бүкіл дүниежүзілік ақпараттар тарату күні. Ақпаратқа тәуелді заманда өмір сүріп жатырмыз. Бірақ теріс ақпараттар қақтығысынан сақ болу әрбір адамның өз қолында екенін ескергеніміз жөн.

Иә, сөзіміздің басында айтқандай, әр жарық таңды аман көргеннің өзі мерекеге бергісіз. Өмірдің терең сырына бойлаған, өз жанына үңіліп, қоршаған ортасы мен айналасын түсінуге тырысқан адамға әр – сәт мереке. Ал оның мәнін түсінуге ұмтылу – әркімнің өз қолында.

«Өзін-өзі тану.kz» журналының редакция алқасы

## ДОРОГИЕ ЧИТАТЕЛИ!

Примите самые искренние поздравления с вашим профессиональным праздником – Днем учителя! Хотим пожелать вам успехов во всех ваших начинаниях, новых свершений на благородной ниве просвещения, благодарных учеников и, конечно же, творческого вдохновения.

Вдохновение... Оно знакомо каждому из нас как особое состояние подъема, воодушевления, которое свойственно людям в моменты наивысшего душевного окрыления, прилива мощных внутренних сил. Это огромная духовно-нравственная работа, способная привести к потрясающим результатам. Это состояние знакомо любой творческой личности, тем более педагогам, которые не просто творцы, а сотворцы, так как, вдохновляясь сами, они вдохновляют на новые свершения своих воспитанников. По сути, вдохновение учителя является плодом его любви к своему делу и своим ученикам. Это как электрический импульс, передающийся от одного человека к другому и создающий между ними незримую, но мощную связь взаимопритяжения.

Именно учитель, передавая детям накопленный опыт, энергию и знания, помогает им раскрыть все богатства, силы и способности, данные от природы.

Вдохновленный учитель не оставит равнодушным ни одного ребенка, вовлекая всех в общий процесс познания. Как дирижер силой энергии звуков, рождающих музыку, управляет оркестром, так и педагог имеет незримую, но осязаемую власть над классом. Но это не власть подчинения, а царство любви, взаимопонимания и сотрудничества.

Желаем вам, уважаемые коллеги, чтобы на всех ваших уроках царила атмосфера вдохновения, рождающая светлые, высокие мысли и чистые помыслы о Прекрасном, Вечном и Добром!

Редакция журнала «Самопознание.kz»



адал адам ғана нағыз ұстаз бола алады.

Менің алғашқы ұстазым – жүрегімде. Алғаш мектеп есігін аттаған кезде, бізде қобалжу мен қорқыныш болды. Алайда мейіріммен қарсы алған алғашқы ұстазымыз жүректегі қобалжуды жылы сөзбен сейілітіп, білімге деген құштарлығымызды оятты. Ұстазымыз әріп үйретіп, жазу жазғызып, тәртіпке баулады. Тентектік жасағанда кешіре білді. Бастауыш сынып түрлі, қызықты, күлкілі оқиғалармен есте қалды. Қолымызға алғаш домбыра ұстап үйрендік. Бұл да сол ұстазымыздың арқасында.

Мұғаліміміз бізді ақылды, сабырлы, жинақы болуға тәрбиеледі. Арасында күлдіріп, сабаққа деген ынтымазды реттеп алатын. Ұстазымыз үнемі ізденісте жүретін, бізге бағыт-бағдар беріп отыратын. Жақсы мамандық алу үшін мектепті жақсы оқу керек дейтін.

Бұл өмірде түрлі-түрлі мамандық бар. Әр мамандық өзінше бір әлем. Дәрігер адам емдесе, ұстаз оны оқытады, құрылысшы үй салса, әнші ән айтады, тігінші киім тігеді. Бірақ қай адамды алсақ та, ол қай мамандықтың иесі болмасын бәрі ұстаздың тәрбиесінен өткендер. Содан біліп алып, түлеп шыққандар.

Ұстаз – жас ұрпақтың рухани сәулетшісі. Ұлағатты есімнің иесі. Шәкірттеріне бар білімі мен білгенін үйретіп, жақсы қасиеттерді бойына сіңдіріп, дұрыс тәлім-тәрбие беріп, адамгершілік рухты қалыптастырады. Бұл жерде ұстаздың еңбегі ерекше зор. Сондықтан да ұстазды қасиетті тұлға деп бағалаймыз.

Баланың болмысына ата-әнадан кейін ақыл-ой, адамгершілік, әдеп мен ар-ұяқты, сана-сезімді сіңдіретін де – ұстаз. Соның арқасында егеменді еліміздің көркеюіне үлес қосамыз.

Мектеп, шәкірт. Осы екі сөзге жан бітіретін – ұстаз. «Мектеп – білім тірегі, ұстаз – оның жүрегі» деген нақылдың мәнін ұқтырғандай. Мен ұстазды ақылдың бейнесі деп білем. Ұстаз жылы сөзімен-ақ, айтқан ақылымен-ақ қаншама жанның жүрегінен орын алды. Бар білген-жиганын шәкіртіне тосып беріп, шексіз қайырымдылық жасайды. Мұндай жанның ұмытылуы екіталай.

Алғаш қолыма қалам беріп, өмірдің қыр-сырын үйреткен алғашқы ұстазым менің жүрегімде мәңгі қалары сөзсіз. Ұстаздың қадір-қасиетін де алғашқы ұстазымызға қарап түсіндім. Болашаққа дегенім сенімім мен үмітімді оятқан да – алғашқы ұстазым. Білікті ұстаздан білім алған шәкірттің де беделі жоғары болады. Мұны мен бастауышты бітіріп, жоғары сыныпқа қарай көшкенде анық аңғардым.

Ұстаз – зор тұлға! Ұстаз – аяулы, құрметті, ерекше мейірімді жан. Мектеп табалдырығын алғаш аттағанда, қолымызға қалам ұстатқан, алғаш әріп үйреткен адам ол – ұстаз. Ұстаз білім бере отырып, өмірдің қиындықтарына төзу керектігін, мойымау қажеттігін үйрететін жан. Әлемнің сан қилы қыры мен құбылыстарын да мұғалімге қарап танимыз.

Әрбір шәкіртін аялап, өмірге деген көзқарасын қалыптастырады. Әр ұстаз бойындағы жақсы қасиетін шәкіртіне сіңдіреді. Біз ұстаздарымыздың арқасында көп жетістікке жетеміз. Мұғалім де оқушыларының мінез-құлқын, жүріс-тұрысы мен білімін, осал жерлерін түсіне білуі керек. Оқушыларымен тіл табысып, сыр бөлісіп, дос бола алатын жан – нағыз ұстаз. Әр ұстаз оқушыларының сабағын жақсы оқығанын, тәрбиелі азамат пен азаматша болып өсуін, тіпті, болашақта белгілі тұлға болып шығуын ойлайды. Үйірмелерге, спортқа қатысқанымызды қалайды. Жан-жақты дамығанымызды үгіттейді. Ұстаздың әрбір айтқан үлгі-өнегесі, ақыл-кеңесі жадымызда жатталып қалады. Біз ұстаздарымыздың арқасында, олардың берген білімінің арқасында болашақта үлкен қызметкер болып, мемлекеттің дамуына үлес қоспақпыз. Ал әр ұстаз әрбір шәкіртінің жетістігіне өзі жетістікке жеткендей қуанады. Өйткені бұл – ұстаздың көп жылдық еңбегінің жемісі. Сондықтан да шәкірттер де ұстаздарын құрметтеуі білуі керек.

## ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ – КӨШБАСШЫ УНИВЕРСИТЕТ!

**С. А. Уразғалиева,**

ҚазҰУ-дың филология және әлем тілдері факультетінің шет тілі кафедрасының аға оқытушысы



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Елбасы Н. Ә. Назарбаев тапсырған және Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласын дамытудың мемлекеттік бағдарламасына енгізілген 2020 жылы әлемнің ең үздік 200 жоғары оқу орындарының қатарына кем дегенде екі қазақстандық ЖОО-ның кіруі міндетін абыроймен орындап шықты. Қазақстандық университет QS жаһандық рейтингінде 165-орынға көтерілді. ҚазҰУ халықаралық ғылым және білім

кеңістігіндегі өзінің әлемдік көшбасшы университеттер қатарында екендігін дәлелдеді.

Тұңғыш Президенттің бастамасымен басталған ұлттық деңгейдегі ауқымды «Рухани жаңғыру» жобасы аясында Қазақ Ұлттық университетінің ұстаздарының қосып жатқан үлестері зор. Қазіргі уақытта ғылым мен білім, ақпараттық технология, техника қаншалықты қарыштап дамыған кезеңде тәрбиелі болашақ, бойына рухани-адамгершілік қасиеттерді дарытып, оны күнделікті өмірде іске асырған жастарды қолдау заман талабы. Оқыту үрдісіне жалпыадамзаттық құндылықтарды енгізу арқылы адамның рухани өсуіне жағдай жасаймыз. Мәңгілік құндылықтар білімнің негізгі өзегі болып табылады. Осыған байланысты оқытуда, тәрбиеде қолданылатын әдіс-тәсілдер, әдістемелер, технологиялар білім беру талаптарына байланысты жаңартылып отырады.

Электрондық форматта қашықтықтан оқыту үшін жаңа видеокурстарды жасаудың негізгі мақсаты жоғары білім берудің сапасын жақсарту және заман талабына сай оқытуды дамыту болып табылады. Университетімізде Moodle және Univer жүйесінде қашықтықтан оқыту платформалары арқылы және қосымша сандық оқыту құрылғылары өз деңгейінде оқу үрдісіне белсенді енгізілді. Жоғары білім беру саласындағы жаңа үрдістердің бірі болып табылатын, жаппай ашық онлайн-курстарының алатын орны да жоғары. Бұл жаппай ашық онлайн курстар – Massive Open Online Courses (MOOC).

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде жаңа оқу технологияларының бірі болып табылатын MOOC «Ағылшын тілі» онлайн курсы openkaznu.kz платформасында дайындалып, тіл үйренушілерге ұсынылды. Филология ғылымдарының кандидаты, шет тілі кафедрасының меңгерушісі Адилбаева Ұлжалғас Бекенқызының жетекшілігімен ҚазҰУ-дың филология және әлем тілдері факультетінің шет тілі кафедрасының авторлық коллективі тарапынан дайындалған «Ағылшын тілі» курсы. Видеосабактар, тақырыптарға сәйкес тексеру тест сұрақтары, жаттығуларды қамтитын курсымыз қазақ тілінде студенттерге ағылшын тілін меңгертіп қана қоймай рухани-адамгершілік сипатта жетілген ой, сөз, іс бірлікті қалыптастыруға ықпалын тигізуде. Қашықтықтан оқыту оқу үрдісінде кеңінен пайдаланылуда.

MOOC – дүниежүзілік қоғамдастықтағы онлайн-білімнің эволюциясы. MOOC-ты қолдану онлайн режимінде қашықтықтан оқытуды дамытуға бірден-бір серпін беретін әдіс деп айта аламыз.